

**NEWS**

**OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

**SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES**

ISSN 2224-5294

Volume 5, Number 309 (2016), 142 – 147

UDK 167/168 (5 K)

**B.B.Zhaxina**

SH.Ualikhanov Kokshetau State University. Kokshetau.

[bzhaxina@mail.ru](mailto:bzhaxina@mail.ru)

**THE MAIN ROLE OF THEORETICAL KNOWLEDGE**

**Summary.** The article considers education as the most important factor in progress the purpose of which is all-round development of personality.

Such innovation in the branch of education promotes all-round development of the personality and conforms to modern requirements, including achievements of world civilization and highest spiritual traditions of nation.

In this regard the article states that the content and volume of education which develops according to culture and science, society is not defined by personality. Until the content and volume of education are not determined, it is impossible to consider the problem of development of the personality.

The article clearly describes necessary technologies, principles of teaching and requirements for determination of content and volume of education. The determination of the content of education includes such requirements as qualitative and quantitative features of studied disciplines, division into creative works of teaching content and content of the studied discipline, research character of thematic sections. Also the author considers that it is necessary to be guided by such principles as unity of content of teaching and humanization of content of general education.

The author of the article considers that the system of theoretical knowledge is a basis for a student's peculiar independent intellectual development. For this purpose it is necessary to introduce in the education system scientific theoretical concepts necessary for specification, understanding and research.

**Keywords:** content of education, knowledge volume, personality, peculiar outlook, concept, value, differential, intellectual level

ӘОЖ 167/168 (5 К)

**Б.Б.Жахина**

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті. Көкшетау қаласы

[bzhaxina@mail.ru](mailto:bzhaxina@mail.ru)

**ТЕОРИЯЛЫҚ БІЛІМНІҢ ЖЕТЕКШІ РӨЛІ**

**Аннотация.** Мақалада білім беру прогресстің ең маңызды факторларының бірі екендігі, сондықтан оның мақсаты болашақ тұлғаның жан-жақты дамуын қалыптастыру екендігі жөнінде сөз болады.

Сонымен қатар, білім беру саласындағы бұл жаңалық бүкіләлемдік цивилизацияның жетістіктерін әрі туған халқымыздың ең жоғарғы рухани әдет-ғұрпын сақтай отырып, жеке тұлғаны заман талабына сай жан-жақты дамыту екендігі айтылады.

Осыған орай, қоғамның, ғылым мен мәдениеттің тұлғаның дамуымен сәйкес келетін білім берудің мазмұны мен көлемін тұлғаның өзі анықтайтындығы баяндалады. Білім мазмұны мен көлемі сауатты айқындалмай, жеке тұлғаны дамыту мәселесі де дұрыс жолға қойылмайтындығы атап көрсетіледі.

Мақалада білім беру мазмұны мен көлемін нақтылауда қойылатын талаптар мен қажетті оқыту ұстанымдары, оқыту технологиялары айқындалады. Білім мазмұнын айқындауда оқу пәндерінің сандық және сапалық ерекшеліктері, оқыту мазмұны мен оқу пәнінің мазмұнының шығармашылық жұмыстарға бөлінуі, тақырыптық тараулардың зерттеушілік сипатта болуы сияқты талаптар жүйеленеді. Әрі оқытудың мазмұндық бірлігі ұстанымы, жалпы білім берудің мазмұнын гуманитарландыру ұстанымы сияқты принциптердің басшылыққа алынғаны жөнінде сөз болады.

Автор мақалада оқушылардың өзіндік дербес ақыл ойларының дамуына теориялық ұғымдар жүйесі тірек болады деп есептейді. Ол үшін оқыту жүйесіне нақтылауды, зерттеп, зерделеуді қажет ететін ғылыми теориялық ұғымдар енгізілуі қажет деген ой түйеді.

**Кілт сөздер:** білім мазмұны, білім көлемі, тұлға, өзіндік дүниетаным, ұғым, мағына, дифференция, интеллектуалдық деңгей.

Адамзат өркениеті өз дамуының жаңа кезеңіне – білім беру прогрестің ең маңызды факторларының біріне саналатын кезеңге келіп жетті.

Білім берудің негізгі мақсаты – жеткіншек ұрпақтың өсіп-жетілуіне ықпал ету, жеке тұлғаның жан-жақты дамуын қалыптастыру.

Бұл қалыптасу жолы бүкіләлемдік цивилизацияның барлық жетістіктерін және қазақ халқының ең жоғарғы рухани әдет-ғұрпын сақтай отырып, тұлғаны өмір талабына сай жан-жақты дамыту. Бұл жолда әр тұлға өз ойын ортаға сала отырып, басқаның оң идеяларын қабылдай жүріп, азаматтық сана қалыптастырады. Тұлға білім алу – өзін-өзі тану үшін, білім алу – іс-әрекет жасау үшін, білім алу – білу үшін және білім алу – бірге өмір сүру үшін қажет екендігін ұғынады.

Осыған орай, енді оқушыны бағдарлама мен оқулықта белгілі көлемде жүйеленген білім мен біліктілік дағдыларымен ғана қаруландыру жеткіліксіз екендігі өздігінен-өзі туындап отыр.

Сондықтан білім берудің мазмұны мен көлемін анықтайтын тұлғаның іс-әрекеті болып табылады. Ғалым В.С.Ледневтің тәжірибесінде оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру арқылы білім мазмұнын анықтауға болатындығы сөз болады [1, 19]. Ал зерттеуші В.В.Краевскийдің педагогикалық теориясында жалпы білім беру мазмұнын қалыптастыру ұстанымы қарастырылған [2, 66]. Ол ұстанымдар (оқытудың мазмұндық бірлігі ұстанымы, жалпы білім берудің мазмұнын гуманитарландыру ұстанымы, т.т) білім берудің барлық элементтері мен барлық деңгейлерінде қоғамның, ғылым мен мәдениеттің және тұлғаның дамуымен сәйкес келеді. Ғалымның ойынша, тұлғаның жан-жақты дамуы үшін дәстүрлі білім мен іскерлік дағды қоғамның әлеуметтік дамуын көрсететін білім беру мазмұнына енуі қажет. Ал білімнің мазмұны мен көлемі дұрыс айқындалмай, жеке тұлғаны дамыту мәселесі де дұрыс жолға қойылмайды. Әрі білім беру мазмұны мен көлемін нақтылауда қажетті оқыту ұстанымдары мен оқыту технологиялары да айқындалуы қажет. Себебі оқыту ұстанымдары мен оқыту үдерісі, оқушы тұлғасы мен педагогикалық іс-әрекет, оқу пәні мен оған жүйеленген теориялық тақырыптар білім беру мазмұнымен бірлікте қарастырылады.

Білім беру мазмұнының беріктілігі мен жүйелілігі оқушылардың шығармашылықпен жұмыс жасауына мүмкіндік туғызады. Себебі білім беру мазмұны мен көлемінің компоненттері тұлғаның базалық білімімен байланысты. Білімсіз іскерлік мүмкін емес, шығармашылық әрекет белгілі бір білім мен іскерліктің негізінде қалыптасады. Әрі оқушы оқыту барысында белгілі бір білім көлеміне негізделген ғылыми білімдер жүйесін, тәжірибелік іс-әрекет дағдыны, сонымен қатар, дүниетанымдық, эстетикалық және адамгершілік идеяларды түсінуі қажет. Адамзаттық мәдениеттің барлық құрамын талдауға негізделмеген білім мазмұны білім мен дағдының негізгі сипатын аша алмайды. Білім көлемінде белгіленген білім мен ғылыми заңдылықтарды меңгеру болашақ тұлғаға қоғамның кез келген саласында қоғам құрылысының ішкі жағдайына сәйкес өмір сүре алуына, қызмет ете алуына көмектеседі.

Ал шығармашылық қабілеттің дамуына бағытталған білім дегеніміз – аз уақыт ішінде мол идея қорын алу ғана емес, керісінше жеке тұлғаның толық, жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін білім. Ол үшін пәндік оқыту бағдарламасы оқушылардың мүмкіндіктері мен талаптарына және осы деңгейдегі оқыту мақсатына сәйкес келуі керек. Сонымен қатар, білім мазмұнында мынадай талаптар ескерілуі тиіс:

- ✓ оқу пәндерінің сандық және сапалық ерекшеліктері;
- ✓ оқу пәнінің мазмұны шығармашылық жұмыстарға бөлінуі;
- ✓ тақырыптық тараулар зерттеушілік сипатта болуы;
- ✓ әр тарау көлемі мәліметтер қорына байланысты түрлі мөлшерде берілуі.

Бұл жөнінде Білім берудің мемлекеттік стандартының негізінде жасалған қазақ тілі бағдарламасында қазақ тілі сабағы оқушы үшін тек грамматикалық ережелер жаттайтын, қызықсыз жаттығуларды қызықсыз орындататын пән қатарынан шығып, баланың ой-өрісін дамытып, оған тілдің ұлттық мәдени мұра, тіршіліктің өзегі, танымның көзі екендігін сезіндіруі қажет екендігі айтылады [3, 3 б.].

Ал бұл оқу материалдарының, жалпы білім мазмұнының ішкі байланыстарынан туындап, оқушының шығармашылық бағыттағы жұмыстарымен ұштасқанда ғана іске асады.

Ғалым Қ.Жұбанов «Оқытушылардың білімін жетілдіру – мектепте оқу сапасын арттыру үшін күресу жолы» деген мақаласында: «Если учитель будет знать предмет, то он может найти и методы. Я этим несколько не хочу игнорировать значение методов, но без знаний самого предмета методика бессильна», – дейді [4, 102 б.]. Себебі пән мұғалімі өз пәнін терең біліп, баяндау, талдап түсіндіру кезінде нақтылы тілдік фактілермен дәлелдеп, теориялық материалдарды бір-бірімен байланыстыра, ұштастыра отырып, бір-біріне жетек ете білуі керек.

Ұстаз болашақ тұлғаның ой-өрісін, өзіндік дүниетанымын қалыптастыратындай, шығармашылықпен жұмыс істей алатындай мүмкіндік бере алуы керек. Ал бұл жағдай кез келген ғылыми пәнді, сол пәннің негізгі салаларын жан-жақты дамыта, ғылыми-теориялық тұрғыдан тереңдете оқыту мәселесіне әкеледі.

Тереңдете оқытудың негізгі белгісінің бірі дамыта оқытудың ғылыми әрі жоғары деңгейдегі қиындықта оқыту, теориялық ойлауды дамыту сияқты ұстанымдарына сай белгілі бір тақырыпты ғылыми тұрғыдан тереңдете талдай ұғындыру болып табылады.

Мәселен, тілдің «Сөзжасам» тарауын оқытумен байланысты тереңдете оқытудың нәтижесінде оқушы тараудың өзіндік зерттеу объектісін, тараудың мақсат-міндеті, сөз жасаудың амал-тәсілдері, жасалған жаңа ұғым атауларының сөз таптарына қатысы, тараудың лексикология, морфологиямен байланысы жайында нақты әрі жан-жақты ғылыми деректердің негізінде терең білім алады. Тілдің «Сөзжасам» саласының лингвистикалық негізін аша, тереңдете оқытудың әдістемелік ерекшелігі мынада: оқушылардың оқу-танымдық әрекетіне сөзжасамдық ұғымдарды тірек ете отырып, олардың өзіндік әрі абстрактілі ойлауы мен ой қорытуын дамытуға бағытталған әдістемелік жүйе болып табылады. Бұл әдістемелік жүйені іске асыруда, ең алдымен, тілдің «Сөзжасам» саласы бойынша берілетін теориялық білімнің сауатты, тақырыптың табиғаты айқындалып, мазмұнды берілуі ерекше рөл атқарады.

Сөзжасам қазақ тілін оқыту бағдарламасы мен оқулықтарда беріліп жүргендей түсініктерден тұрмауы тиіс. Ғалым С.Исаев атап көрсеткендей, сөзжасамның амал-тәсілдері арқылы жаңа сөздердің, жаңа лексикалық мағынадағы сөздердің пайда болуы – бірінші дәрежедегі тілдік құбылыс. Ал сөзжасамның амал-тәсілдері арқылы жасалған жаңа ұғым атауларының грамматикалық сипаттары арқылы белгілі бір сөз табына қатысты болуы, немесе белгілі бір сөз табына жатуы – тек екінші дәрежедегі құбылыс [5, 3-4 б.].

Ғалым В.В.Давыдовтың тұжырымдамасы бойынша оқушылардың өзіндік дербес ақыл-ойының дамуына теориялық ұғымдар жүйесі тірек болады [6, 44 б.]. Ол үшін оқыту жүйесіне анықтауды қажет ететін ғылыми-теориялық ұғымдар енгізілуі қажет.

Ал ғалым Л.В.Занковтың ойынша, оқушылардың ақыл-ой әрекетінің дамығандығын олардың бағдарламалық материалдарды толық түсінуінен, өзінше талдай алуынан, ғылыми ұғымдарды меңгеруінен, практикалық іс-әрекеттің жетілгендігінен байқауға болады [7, 52 б.].

Профессор Ғ.Қалиев: «Сөзжасам – фонетика, лексика, морфология салалары сияқты тілдің ғылыми жүйесіне енетін күрделі ұғым», – дейді [8, 57-60 б.]. Сондықтан сөзжасам мәселелері туралы алғашқы сабақтар тілдің «Сөзжасам» саласының ғылыми жүйесін танытуға бағытталуы керек. Сөзжасамды тілдің басқа салалары сияқты өз алдына жеке ұғымдары бар, мақсат-міндеті, зерттеу объектісі ерекше жүйе екендігін таныту үшін сөзжасамның амал-тәсілдері, туынды мағына, жаңа ұғым атауы т.б. тілдік категориялардың топтастырылған жиынтығы екендігі түсіндірілуі керек. Себебі Н.Оралбаева айтқандай сөзжасамның әр тәсілі белгілі тілдік элементтерге негізделеді. Ал тілдің сөзжасам жүйесіне сөзжасам элементтері жатады [9, 14 б.]. Осыған орай, тілдің «Сөзжасам» саласы бойынша берілетін білім мазмұны оқушының өзіндік әрі абстрактілі ойлауы мен ой қорытуын әрі тілін дамытуға да қолайлы болуы шарт. Сөзжасамдық тақырыптардың табиғатын танытуда, оның морфологиялық тақырыптардан ерекшеліктерін, өзіндік заңдылықтарын игеріп, машықтануға үйретуде тілдің «Сөзжасам» саласының өзіндік мазмұндық ішкі ерекшелігін ескеретін болсақ әрі оны тереңдете оқытуда дамыта оқыту заңдылықтарымен біртұтастықта алсақ қана оқушының өзіндік әрі абстрактілі ойлауын, ой қорытуын қалыптастыруға болады.

И.С.Якиманская дамыта оқытуда түрлі дидактикалық ойындар, пікірталастар мен ойлау, қиялдау, есте сақтау, тіл байлығын дамытуға арналған оқыту әдістерін қолдануды ұсынады [10, 12 б.]. Ал Л.В.Занков жүйесінде оқушылардың өз бетімен ойлануына негізделген іс-әрекеттердің жүзеге асырылуы, мұғалім мен оқушының ынтымақтастығының ойластырылуы, мұғалімнің сабақта проблемалық жағдай туғыза алуы, оқушылардың субъектілік қасиетін ашатын оқу

қызметін ұйымдастырудың формаларын қолдана алуы сияқты мәселелер қарастырылады [11, 181 б.].

Біз білеміз, қазақ тілін оқыту әдістемесінің объектісі – тілдік материалдар. Оқушыларға тілден берілетін теориялық мағлұматтар тақырыптың ерекшелігіне, өзіндік белгілеріне, жасалу жолдарына, ережелері мен анықтамаларына байланысты қаралады. Әдістемеде осы тілдік фактілерді оқушылар санасына жеткізудің технологиясы қарастырылатыны белгілі.

Ал оқушыларға берілетін практикалық дағдылар белгілі бір тілдік материалдардың ішкі психологиясына байланысты да болады. Сондықтан да әрбір тілдік салалар мен тілдік фактілердің өзіне тән психологиясы бар. Міне, осындай теориялық мағлұматтар мен практикалық дағдыларды оқушыларға меңгертуде білім беру құралдары қолданылады. Қазақ тілінен білім берудің құралдарына қазақ тілін меңгертудегі негізгі заңдылықтар; қазақ тілін оқытуда ескерілетін ұстанымдар; оқушыларға ұсынылатын дидактикалық материалдар; оқушыларға берілетін білім көлемі; қазақ тілін оқытудың жүйесі; қазақ тілінен білім берудің әдістері мен тәсілдері; қазақ тілінен ұйымдастырылатын сабақтар, тілдік тақырып бойынша жоспарлау жұмыстары кіреді. Осы тұрғыдан келгенде, мектеп оқулығы мен оқыту бағдарламасында берілген сөзжасамдық тақырыптарды теориялық тұрғыдан тереңдете оқытудың ғылыми, бірізділік ұстанымдарын басшылыққа ала отырып сөзжасамдық тақырыптардың мазмұндық байланысы мен ішкі заңдылықтарын ескере, «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік тұжырымдамасына» негіздей қосымша білім беру бағдарламасы жасалғаны жөн.

*Қосымша білім беру бағдарламасы* – оқушылардың танымдық мүмкіндіктерін ескеріп құрылған факультативтік, қолданбалы және таңдау курстары және жеке бағдарламалар арқылы жүзеге асырылатын, оқу пәндері бойынша мемлекеттік стандарттардан тыс білім мазмұнын анықтайтын қосымша білім беру құжаты [12, 11 б.].

*Бағдарлы оқытудың басты мақсаты* – оқытудың ұйымдастырылуы мен мазмұны бойынша адам бойындағы қажеттілікті қанағаттандыруда кепілдік беретін әрі жаңа қажеттілікті анықтайтын икемді білім беретін құрылым құру.

*Оқу бағыты* – оқушылардың пән циклдерін тереңдетіп оқуын қамтамасыз ететін оқытуды ұйымдастыру түрі.

*Білім саласы* – құрамына оқытылуы міндетті пәндер енетін жалпы орта білімнің базалық мазмұнының құрамдас бөлігі.

*Ол* – мектепте гуманитарлық пәндерді оқытуда айтарлықтай жетістіктерге жеткізетін тәсіл. Әрі оқытудың бұл түрі әр оқушының жеке басының дамуына, шығармашылығын шыңдауға, белсенділігін арттыруға, білімін саралауға мүмкіндік туғызады.

Ғалымдар П.И.Третьяков, И.Б.Сенновскийдің пікірінше, тереңдете оқытудың барысында оқушының бойында бұрыннан қалыптасқан оқу еңбегі, іс-әрекет тәсілдерін өзара жинақтау нәтижесінде оқушылар бойында шығармашылық іс-әрекеттері қалыптасады. [13, 47 б.].

Оқу-тәрбие үдерісінде қосымша білім беру бағдарламасы бойынша тереңдете оқытудың негізінде оқушы субъект тұрғысынан қарастыратындылығы, оқушылардың пәнге деген жауапкершілігі, қызығушылығы артып, өз бетінше жұмыс істеуге ынтасы оянып, ізденушілік-шығармашылық, зерттеушілік қабілеттері қалыптасатындығына сеніммен қарауға болады.

Қосымша білім беру бағдарламасы негізінде тереңдете оқыту – күрделі құрылымды, біртұтас педагогикалық жүйе. Оның басты ерекшелігі – оқушыға субъект ретінде қарап, оны дамытуға барлық жағдай жасау; оқушының тіл байлығын арттырып, сөйлеу шеберліктерін қалыптастыру, білімді жүйелі түрде беру, оқылатын тілдік тақырыптарды ерекшелігіне, туыстығына қарай топтастыру. Сонда тереңдете оқытудың негізгі құрамы – қосымша білім беру бағдарламасы. Дұрыс құрылған бағдарлама оқушыға білімді жүйелі әрі сапалы берудің алғы шарты бола алады. Осы тұрғыдан келгенде, сөзжасамдық тақырыптардың лингвистикалық негізін айқындап, мазмұндық ерекшелігіне қарай екі сыныпқа бөліп жүйелеуде, теориялық мәліметтерді толықтырып тереңдетуде бағдарлы білім беру бағдарламасының тиімділігі зор.

Себебі тереңдете оқыту әр түрлі мақсаттарға жету жолын көздейді: білім алушыға оқыту әдісінің өзіне лайықты тәсілін қолдануды; оқушыға өзінің әлді, әлсіз жақтарын анықтап, түзете алуына көмектесуді; оқытудың түрлі формалары мен әрқилы әдістерін интеграциялауды; оқу материалының мазмұндық бірлігін икемді түрде пайдалануды; кәсіби іс-әрекет деңгейіне білім алушының жоғары дайындығы арқылы жетуді; пәнаралық байланысты орнатып, оқудың сапасына білім мен біліктілік, жүйелілік арқылы жетуді және т.б.

Тілдік тақырыптарды теориялық негізін айқындай тереңдете оқытудың мынадай маңызы бар:

✓ біріншіден, оқушылардың жеке мүмкіндіктеріне сәйкес жалпы танымдық іс-әрекетін дифференциялауға мүмкіндік туғызылады;

✓ екіншіден, интеллектуалдық деңгейінің өсуіне ықпал етеді;

✓ үшіншіден, оқушылардың біртіндеп өзбетінше жұмыс жасау деңгейі көтеріледі.

Негізінен, оқушыларға қазақ тілінен берілетін білімнің мазмұны мен көлемін белгілеу – күрделі де теориялық мәселе. Орта мектепте ғылыми тұрғыда әбден зерттелген, білім беру талабына сай айқын анықталған және лингвистикалық әрі әдістемелік жақтан ешбір таласы жоқ тілдік материалдар ғана оқытылуы тиіс. Анығырақ айтқанда, сұрыпталып алынған тілдік материалдың өзіндік белгілері жеткізіледі. Осы тілдің өзіндік белгілерінің жиынтығы көлем деген ұғымды анықтайды. Білім мазмұны немесе көлем дегеніміз – әрбір сынып оқушыларының мүмкіндігіне қарай оқытудың алдын ала болжау, түсінуге оңай және жеңіл болу ұстанымдарының негізінде зерттеп, зерделеп алынған тілдік материалдардың өзіндік белгілерінің жиынтығы.

Тілдік материалдардың көлемі әрбір тақырыптың лексикалық, фонетикалық, грамматикалық қасиеттерін және сол тілдік материалдардың анықтамалары мен ережелерін қамтиды. Тілдің өзіндік ерекшеліктері әрбір тақырыптың ішкі құрылымын белгілейді. Мәселен, әрбір тілдік материалдардың жасалу жолдары, олардың бір-бірінен ерекшеліктері, бір-бірімен байланысуы, тақырыпқа сай анықтамалары мен ережелері тілдік материалдардың өзіндік ерекшеліктері болып табылады.

Қазақ тілінен оқушыларға берілетін білім көлемін белгілеуде және ол материалдардың өзіндік қасиеттерін іріктеп, дәл таңдап алуда мына сияқты әдістемелік өлшемдердің басшылыққа алынғаны абзал.

- ❖ Оқушылардың жас ерекшелігі;
- ❖ Оқушылардың сынып ерекшелігі;
- ❖ Оқушылардың ойлай алу қабілеті;
- ❖ Тілдік материалдардың өзіндік белгілерінің саны;
- ❖ Тілдік фактілердің өзіндік ерекшеліктерінің жиынтығы;

Ал тілдік тақырыптарды өзіндік, мазмұндық ерекшеліктеріне сай іріктеуде мына сияқты ғылыми-әдістемелік заңдылықтар басшылыққа алынғаны жөн.

- ❖ Тақырып пен терминнің анықтығы;
- ❖ Тілдік материалдардың ғылыми дәлдігі;
- ❖ Тілдік материалдардың ішкі ерекшеліктерін аңғару керек екендігі;
- ❖ Тілдік материалдардың өзіндік белгілерінің сол сыныпқа лайықтылығы;
- ❖ Өзіндік белгілердің тек сол материалға ғана тән екендігі;
- ❖ Өзіндік белгілердің өмір қажетіне жаратылуы.

Сынып жоғарылаған сайын оқушылардың түсініктері, яғни ой-өрісі, білім дәрежесі арта бастайды. Оқушыларды деректі ұғымдардан дерексіз ұғымдарға қарай жетелей отырып, пән мұғалімі әрбір қазақ тілі материалының өзіндік жаңа қасиеттерін біртіндеп ашып отыруы тиіс. Ал оқушылардың тілдік тақырыптардан алған білімі сыныбы ұлғайған сайын сатылап көтеріле береді. Тілдік материалдардың көпшілігі бір-бірінен өзіне тән қасиеттері арқылы ажыратылады да, ал керісінше, біріне-бірі жуық белгілері бойынша жымдасып жататындығы белгілі.

Осы тұрғыдан келгенде, әрбір сыныптың шама-шарқына қарай сұрыптап алынған тілдік материалдар өзіндік белгілеріне қарай интеграциялық әдістің негізінде пәнаралық, тақырыпаралық байланыс арқылы дамытыла, тереңдетіле оқытылуы тиіс.

Оқушыларға қазақ тілінен берілетін білім көлемі тілдік материалдардың анықтамалары мен ережелеріне келіп ұштасады. Ал анықтамалар мен ережелердің логикасы – білім беру тұсында ерекше көңіл бөлетін ғылыми-теориялық әрі әдістемелік мәселелердің бірі екендігі белгілі.

## ӘДЕБИЕТ

- [1] Леднев В.С. Содержание образования: сущность, структура, перспективы. 2-е изд. Москва, Высш шк, 1991, 223 с.
- [2] Краевский В.В. Общие основы педагогики: учебное пособие. Москва, Академия, 2003, 256 с.
- [3] Құсайынов А. Қ., Асыллов Ұ. Ә. Оқулықтану. Алматы, Рауан, 2000, 391 б. [4] Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 1999, 581 б.
- [5] Қазақ тілі мен әдебиеті, 1998, № 3–4.
- [6] Давыдов В.В. Теория развивающего обучения. Москва: Педагогика, 1986, 240 с.
- [7] Занков Л. В. Принципы экспериментальной дидактической системы. Избранные педагогические труды. Москва, Дом педагогики, 1999, 424 с.

- [8] Қалиев Ф. Сөз тудыру – қазақ тілінің жеке саласы. //Қазақ говорларында диалектілік сөз тудыру. Монография. Алматы, 1985, 325 б.
- [9] Оралбаева Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. Алматы, 2002, 181 б.
- [10] Якиманская И.С. Развивающее обучение. Москва, Педагогика, 1979, 240 с.
- [11] Занков Л.В. Обучение и развитие. Москва, Педагогика, 1975, 439с.
- [12] «Үшінші мыңжылдықтың оқулығы: жасау, шығару және тарату»: III Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. Алматы, 2003, 394 б.
- [13] Третьяков П.И., Сенновский И.Б. Технология модульного обучения в школе //Новая школа. Москва, 1997, №3. 47б.

#### REFERENCES

- [1] Lednev V.S. Soderzhanie obrazovaniya: sushnost, struktura, perspektivy. 2-e izd. Moskva, Vyssh shk, 1991, 223 s.
- [2] Kraevskij V.V. Obshhie osnovy pedagogiki: uchebnoe posobie. Moskva, Akademiya, 2003, 256 s.
- [3] Құсайынов А. Қ., Асылыов Ұ. Ә. Оқулықтану. Алматы, Рауан, 2000, 391 б. [ 4] Zhūbanov Қ. Қазақ тили zhөnindegі zertteuler. Almaty, 1999, 581 b.
- [5] Қазақ тили мен әдебиеті, 1998, № 3–4.
- [6] Davydov V.V Teoriya razvivayushhego obucheniya. Moskva: Pedagogika, 1986, 240 s.
- [7] Zankov L. V. Principy eksperimentalnoj didakticheskoy sistemy. Izbrannye pedagogicheskie trudy. Moskva, Dom pedagogiki, 1999, 424 s.
- [8] Қалиев Ф. Сөз тудыру – қазақ тілінің жеке саласы. //Қазақ говорларында диалектілік сөз тудыру. Монография. Алматы, 1985, 325 б.
- [9] Оралбаева Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. Алматы, 2002, 181 б.
- [10] Yakimanskaya I.S. Razvivayushhee obuchenie. Moskva, Pedagogika, 1979, 240 s.
- [11] Zankov L.V. Obuchenie i razvitie. Moskva, Pedagogika, 1975, 439s.
- [12] «Үшінші мыңжылдықтың оқулығы: жасау, шығару және тарату»: III Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. Алматы, 2003, 394 б.
- [13] Tretyakov P.I., Sennovskij I.B. Tekhnologiya modulnogo obucheniya v shkole. //Novaya shkola. Moskva, 1997, №3. 47b.

УДК 167/168 (5 К)

#### Б.Б.Жахина

Государственный университет им.Ш.Уалиханова. г.Кокшетау

#### ВЕДУЩАЯ РОЛЬ ТЕОРЕТИЧЕСКОГО ЗНАНИЯ

**Аннотация.** В статье идет речь о образовании как о важнейшем факторе прогресса, целью которого является всесторонне развитие личности.

Также эти новшество в отрасли образования всесторонне развивает личность в соответствие с современным требованиям, сохранения достижения мировой цивилизации и высшее духовные традиции своего народа.

В связи с этим в статье изложено, что содержание и объем образования развивающийся в соответствие с культурой, наукой и общества определяется не самой личностью. Пока не будут определены содержание и объем образования не возможно рассматривать проблема развития личности.

В статье определены необходимые технологии и принципы обучения, требования для определения содержания и объема образования. При определение содержания образования систематизированы такие требования, как качественные и количественные особенности изучаемых предметов, деление на творческие работы содержания обучения и содержание изучаемого предмета, исследовательский характер тематических разделов. Также в статье автор считает необходимостью руководствоваться такими принципами как единство содержания обучения, гуманизация содержания всеобщего образования.

Автор статьи считает, что система теоретических знаний является основой для своеобразного самостоятельного умственного развития ученика. Для этого необходимо внедрить научные теоретические понятия, необходимые для конкретизации, изучение, анализа системы обучения.

**Ключевые слова:** содержание образования, объем знания, личность, своеобразное мировоззрение, понятие, значение, дифференция, интеллектуальный уровень.